

## Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 ақпандағы N 196 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Еуро-Азия Эйр" авиакомпаниясы" ашық акционерлік қоғамы және "Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының "Бүркіт" мемлекеттік авиакомпаниясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны 2004 жылғы 1 сәуірге дейін сатып алынуының маңызды стратегиялық мәні бар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері басқаратын Қазақстан Республикасының делегациялары шетелге жол жүрген кездегі арнайы рейстерді жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді жеткізушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалармен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жасалуын;

қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатының сақталуын қамтамасыз етсін; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*